

# **Жалпы орта және қосымша білім беру үйымдастырылған «Менің елімнің көшбасшысы» тақырыбында сырттай байқау өткізу ережелері**

## **1. Жалпы ережелер**

1. Осы ережелер жалпы орта және қосымша білім беру үйымдастырылған «Менің елімнің көшбасшысы» тақырыбында сырттай байқау (бұдан әрі – Байқау) өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балалардың қазақстандық патриотизмі мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру, талантты балаларды анықтауға және қолдауға жағдай жасау.

Міндеттері:

- 1) балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- 2) өз елінің жетістіктері мен табыстарын құрметтейтін және бағалайтын «Қазақстанның патриот азаматы» бейнесін көпшілікке тарату;
- 3) дарынды балаларды анықтау және оларға қолдау көрсету.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың үйымдастырушылары үйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

## **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау **2014 жылғы 27 қазан - 24 қараша** аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Байқауға ұсынылған материалдар байқаудың тақырыбына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары 2014 жылғы 24 қарашаға дейін балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта орналастырылады немесе [spo.rumcdo@mail.ru](mailto:spo.rumcdo@mail.ru) электрондық поштаға жіберіледі, сондай-ақ, мына мекен-жай бойынша қабылданады: 010000, Астана қаласы, Сығанақ көшесі, 29, «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Анықтама телефондары: 8(7172) 51-69-24 тел/факс, 51-69-34, 8-702-830-79-31, Қанағатова Аяулым Мейрамғазықызы.

8. 2014 жылғы 24 қарашадан кейін түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды және оларға рецензиялар, қазылар алқасының қорытындылары берілмейді.

10. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес.

11. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

12. Байқауға қатысу үшін **800 (сегіз жұз) теңге** төлемақы төленеді.

Төлемақы былай жүргізіледі: Банк Центр Кредит АҚ, Астана қаласы.

Иик KZ918560000005068448

БИК KCJBKZKX

БИН 990140004733

Кбे 16.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚҚ.

**Төлемақының мақсаты:** «**Менің елімнің көшбасшысы**» тақырыбында байқауға қатысу үшін төлемақы. Байқауға қатысушының (жіберуші) фамилиясын міндettі түрде көрсету және төлемақы түбіртегін сканерден өткізіп, электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

13. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын анықтау 2014 жылғы 28 қарашада жүргізіледі.

### **3. Байқауға қатысушылар және қойылатын талаптар**

14. Байқауға 12-17 жастағы білім алушылар жас санаттары бойынша қатыса алады:

орта жастағы санат: 12-14 жас;

жоғарғы жастағы санат: 15-17 жас.

15. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Лидер, создавший страну»

2) «Өз елімнің өркендеуі үшін мен не істер едім?» («Что бы я сделал для процветания своей страны?»).

16. Келесі талаптарға сәйкес байқау жұмыстары қабылданады:

«Лидер, создавший страну» номинациясы бойынша қатысушы қазақ және орыс тілдерінде «арнау» (өлең) жанрындағы туындыны ұсынады (көлемі 1 беттен артық емес A 4 форматта (титул парағын есептемегенде), қаріп - 14, жоларалығы – 1 болуы тиіс). Титул парағында жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, фамилиясы, жасы, білім беру үйимының аталуы, e-mail, облысы, ауданы, қаласы, ауылы көрсетілуі қажет.

«Өз елімнің өркендеуі үшін мен не істер едім?» («Что бы я сделал для процветания своей страны?») номинациясы бойынша қатысушы қазақ және орыс тілдерінде эссе ұсынады (көлемі 1 беттен артық емес A 4 форматта (титул парағын есептемегенде), қаріп - 14, жоларалығы – 1 болуы тиіс). Титул парағында жұмыстың аталуы, автордың аты-жөні, фамилиясы, жасы, білім беру үйимының аталуы, e-mail, облысы, ауданы, қаласы, ауылы көрсетілуі қажет.

17. Жалпы талаптар:

балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-тәнымдық сайтта («ВКонтакте» әлеуметтік желі арқылы) тіркелу қажет;

бөтен адамның және Интернет желісінен алынған материалдарды қолдануға қатаң тыйым салынады;

байқауға ұсынылған жұмыстарда қатыгездік және зорлық-зомбылық көріністері, адамның немесе бір топ адамдардың қадір-қасиетін кез келген түрде кемсітетін ақпарат болмауы қажет.

18. Байқауды бағалау критерийлері:

*байқаудың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы;  
тақырыптың толық ашилуы;  
нақты материалды білу, жеке ой, көзқарас, көріністі мазмұндау;  
байқау жұмысын сауатты және эстетикалық түрде ресімдеу;  
авторлық идеяның түпнұсқалығы мен жаңаашылдығы.*

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

19. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

20. Байқаудың жүлделі орындарына ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелі дипломдармен марапатталады. Әр номинацияда балалардың жас санаттары бойынша (1, 2, 3 орын) 3 жеңімпаз анықталады. Қатысушылардың барлығына электрондық пошта арқылы онлайн-сертификаттар және дипломдар жіберіледі.